

Б.А. Нурумов^{1*} , Г.Е. Беркенова¹ , Э.М. Фридман² , Г.Ж. Ибраева¹ 

¹Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Мичиган мемлекеттік университеті, АҚШ, Ист-Лансинг қ., Мичиган штаты

*e-mail: bahanurum@gmail.com

ПАНДЕМИЯНЫҢ ҚАУПІ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАҢДЫРУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҚ COVID-19 ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ ТАРАТТЫ?

COVID-19 коронавирусы жаһандық пандемиясы қазақстандық БАҚ-тардың жұмысын қиындатты. Жаңалықтар ұйымдарының едәуір бөлігі әдеттегі қызметіндегі басымдықтарды өзгертуге мәжбүр болды, ал журналистердің өздері пандемияның жағымсыз салдарын сезінді. Зерттеудің мақсаты коронавирустың жаңа түрінің қаупі туралы халықты ақпараттандыру бойынша ақпараттық ұйымдардың жұмысын зерттеу болып табылады. Ғылыми мақаланың негізгі идеясы – 2020 жылдың наурыз мен тамыз айлары аралығындағы пандемияның қазақстандық БАҚ-тардың қызметіне әсерінің зерттеу нәтижелері ұсыну. Аталмыш мақалада сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды: телеарна, радио, баспасөз және онлайн басылым редакторларымен сауалнама және бас редакторлармен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Зерттеудің негізгі нәтижелері пандемияның алғашқы жарты жылында және осыған байланысты енгізілген шектеу шаралары кезінде БАҚ қызметкерлері мен басшылары мемлекеттік ақпарат көздерінен коронавирус туралы нақты ақпарат алу бойынша кедергілерге тап болып отырғанын, қажетті ақпаратқа қол жеткізуде қиындықтар болғанын, билік өкілдері тарапынан қысымды сезінгенін және әлеуметтік желілердегі фейк жаңалықтармен күрескенін көрсетті. Осыған қарамастан, отандық бұқаралық ақпарат құралдары мәселені жан-жақты қамтуға тырысты. Сонымен қатар, коронавирус туралы әртүрлі қауесеттер мен жалған мәліметтердің фондында тексерілген ақпаратқа және білікті сарапшылардың пікірлеріне негізделген сапалық талдау бар толыққанды хабар тарату ерекше маңызға ие болды. Зерттеудің қорытындылары журналистердің ақпарат көздері мен тональдылығын өз бетінше таңдағанын, алайда пандемия туралы хабар тарату мәселесінде өзін-өзі цензурауға ұшырағанын көрсетеді. Аталмыш ғылыми жұмыстың құндылығы – оның журналистердің жаһандық және жергілікті дағдарыстарды жариялаудағы кәсібилігі мен жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ үкіметті дағдарыстар кезінде пресса және азаматтарға толығырақ ақпарат беруге және неғұрлым ашығырақ болуға шақыруға септігін тигізе алатындығында. Зерттеудің практикалық маңыздылығы пандемия кезіндегі жаңалықтар ұйымдарының қызметін талдауда жатыр. Ғылыми жұмыстың нәтижелерін журналистер мен БАҚ басшыларының зерттеулері мен тәжірибесінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: БАҚ, басымдықтар, COVID-19 пандемиясы, өзін-өзі цензурау.

B.A. Nurumov^{1*}, G.E. Berkenova¹, E.M. Fridman², G.Zh. Ibrayeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Michigan State University, USA, East Lansing, Michigan

*e-mail: bahanurum@gmail.com

Informing the Public about the Dangers of a Pandemic. Early COVID-19 Coverage by News Organizations in Kazakhstan

The global pandemic of the coronavirus COVID-19 has hampered the work of Kazakhstani media. A significant part of news organizations were forced to change priorities in their usual activities, while journalists themselves felt the negative consequences of the pandemic. The purpose of the study is to study the work of news organizations to inform the public about the dangers of a new type of coronavirus. The main idea of the scientific article is to present the results of a study of the impact of the pandemic on the activities of Kazakhstani media from March to August 2020. The work used quantitative and qualitative research methods: the survey method of editors of television, radio, print and online publications and the method of in-depth interviews with chief editors. The main results showed that in the first six months of the pandemic and the restrictive measures introduced in this regard, media employees and managers faced obstacles in obtaining reliable information about the coronavirus from government sources, had problems accessing the necessary information, felt pressure from the authorities and fought against fakes in social networks. Despite this, the domestic media tried to cover the problem from all sides. At the same time, full-fledged coverage with a qualitative analysis based on verified information and the opinion of compe-

tent experts has acquired particular importance against the backdrop of various rumors and fakes about the coronavirus. The findings of the study indicate that journalists independently chose sources and tone, but were subject to self-censorship in their coverage of the pandemic. The value of this scientific work lies in the fact that it can help increase the professionalism and responsibility of journalists in covering both global and local crises, as well as move the government towards greater transparency and more complete disclosure of information to the press and citizens during crises. The practical significance of the study lies in the analysis of the activities of news organizations in the pandemic. The results of scientific work can be used in the research and practice of journalists and media leaders.

Key words: News organizations, priorities, COVID-19 pandemic, self-censorship.

Б.А. Нурумов^{1*}, Г.Е. Беркенова¹, Э.М. Фридман², Г.Ж. Ибраева¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Мичиганский государственный университет, США, г. Ист-Лансинг, штат Мичиган

*e-mail: bahanurum@gmail.com

Информирование общественности об опасностях пандемии. Раннее освещение о COVID-19 новостными организациями в Казахстане

Глобальная пандемия коронавируса COVID-19 кардинально изменила и осложнила работу казахстанских СМИ. Значительная часть новостных организаций была вынуждена сменить приоритеты в своей привычной деятельности, при этом журналисты на себе почувствовали негативные последствия пандемии. Целью исследования является изучение работы новостных организаций по информированию общественности об опасностях нового типа коронавируса. Основная идея научной статьи – представить результаты исследования влияния пандемии на деятельность казахстанских СМИ с марта по август 2020 года. В работе использованы количественные и качественные методы исследования: метод опроса редакторов телевидения, радио, печатных и онлайн изданий и метод глубоких интервью с главными редакторами. Основные результаты показали, что в первые полгода пандемии и введенных в этой связи ограничительных мер сотрудники и руководители СМИ сталкивались с препятствиями по получению достоверных сведений о коронавирусе от государственных источников, имели проблемы с доступом к нужной информации, ощущали давление со стороны властей и боролись с фейками в социальных сетях. Несмотря на это отечественные СМИ старались освещать проблему со всех сторон. При этом полноценное освещение с проведением качественного анализа, основанного на проверенной информации и мнении компетентных экспертов, приобрело особую значимость на фоне различных слухов и фейков о коронавирусе. Выводы исследования указывают на то, что журналисты самостоятельно выбирали источники и тональность, однако были подвержены самоцензуре в вопросах освещения пандемии. Ценность данной научной работы заключается в том, что исследование может способствовать повышению профессионализма и ответственности журналистов при освещении как глобальных, так и локальных кризисов, а также подвигнуть правительство к большей прозрачности и более полному раскрытию информации для прессы и граждан во время кризисов. Практическое значение исследования состоит в анализе деятельности новостных организаций в период пандемии. Результаты научной работы могут быть использованы в исследованиях и практике журналистов и руководителей СМИ.

Ключевые слова: новостные организации, приоритеты, пандемия COVID-19, самоцензура.

Кіріспе

Қазақстанда COVID-19 пандемиясы туралы жаңалықтар үреймен қарсы алынды. Үкімет дүрбелең мен тәртіпсіздікке жол бермеу үшін халықтың денсаулығы мен ақпараттық қауіпсіздікті қорғауға көңіл бөлді. Бұқаралық ақпарат құралдарының қайнар көзі блогерлердің өзі және әлеуметтік желілер, сонымен қатар Интернетті қолданатын қарапайым азаматтар болды. Өсек пен арандатушылық мәліметтерін ауыздықтау үшін үкімет екі орталық құрды: бірі бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын үйлестіру және орталықтандыру, екіншісі COVID-19 мониторингін жүргізу және науқас-

тарды есепке алу. Алайда, халықты ақпараттандырудың негізгі ауыртпалығы «қалам мен микрофон» қызметкерлеріне артылды. COVID-19 пандемиясының алғашқы алты айында (2020 жылдың наурызынан тамызына дейін) қазақстандық журналистер сенімді ақпарат алуға және таратуға тырысқан биліктің күші, қысымы мен бақылауын жақсы сезді. Бұл зерттеуде баспа және онлайн басылымдар, радио мен теледидарлар редакторлары арасында сауалнама қолданылды, содан кейін ұлттық және жергілікті БАҚ қоғамды COVID-19 туралы ақпарат тарату және жалған жаңалықтар (фейк) мен жалған ақпаратпен (дезинформация) күресу үшін қалай жұмыс істегенін тексеру үшін бас

редакторлармен терең сұхбат әдісі қолданылды. Нәтижелер көрсеткендей, журналистер билік пен медициналық қызметкерлерден сенімді және нақты ақпарат алу кезінде кедергілерге және өзіндік цензураға тап болды.

Әдебиетке шолу

Қазақстандағы дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен жаңа медианың журналистері, басқа елдердегі әріптестері сияқты, 2020 жылы жаңа жаһандық проблемаға тап болды: COVID-19 пандемиясы. Бұл тақырып жыл бойына күн тәртібін қалыптастырды, өйткені БАҚ формажорлық жағдайды оқырмандарға, көрермендер мен тыңдаушыларға түсіндірудің шұғыл қажеттілігіне мән берді. Бұл мәселені жеткізу Қазақстандағы отандық бұқаралық ақпарат құралдарының басым бөлігі үшін негізгі міндет болды. Пандемия басталғаннан бері дерлік кез келген журналистік ұйым тиісті ақпаратты жинау, өңдеу және тарату тәсілдерін дамытты. Мысалы, бірқатар БАҚ пациенттер мен коронавирустық инфекциядан қайтыс болғандар туралы ресми статистикалық мәліметтерді ғана беруді жөн көрді, ал кейбір басылымдар бұл тақырыпты басқа ақпаратқа мамандандырылғандығын алға тартып, жариялаудан бас тартты.

Бұл жерде парадокс пайда болды – бір жағынан, дәстүрлі БАҚ өзекті тақырыптарды қамтуы керек; екінші жағынан, олар өз аудиториясы үшін неғұрлым қызықты немесе маңызды деп санайтын тақырыптарды таңдауға құқылы. Күнделікті күн тәртібін белгілеу кезінде не туралы хабарлау керектігін таңдау көбіне әр журналистік ұйымның беделіне байланысты болды. Дәстүрлі БАҚ жетекшілері осы қағиданы ұстанды.

Шындығында, медиа ұйымдары өндіріс пен ұйымдастыруда айтарлықтай өзгерістер жасағанына қарамастан, тәуекел мен дағдарыс жағдайында жүргізілген журналистік жұмыс журналистік автономияның негізгі және бірыңғай кәсіби принциптерін өзгертпеді (Ulmer, Sellnow, and Seeger, 2017). Сонымен қатар, жол жүруге қойылған шектеулер журналистердің өз қалаларында репортаж жасау үшін қозғалуына кедергі болып, оларды онлайн-репортаж жасауға мәжбүр етті. Журналистерге арнайы COVID-19 тақырыбын қамтуға бағытталған тегін оқыту веб-семинарлары жаппай басталды (Lee and Bottomley, 2010).

Зерттеушілер «дағдарысты» жазатайым оқиғадан (Fearn-Banks, 2017), тұрақсыз күйден (Fink, 2002) немесе зақымданудан (Coombs,

2018) туындауы мүмкін өтпелі күйдің бір түрі ретінде сипаттайды. БАҚ-тың мінез-құлық модельдері жаңалық ұйымдары мен журналистердің дағдарысқа деген көзқарасына байланысты (Вакурова, 2015). Жаңалық ұйымының қоғам мен үкімет алдындағы беделі оның журналистерінің қиын жағдайда өзін қалай ұстауына байланысты. Сондықтан пандемия кезіндегі журналистер мен БАҚ басшыларының жұмысын коммуникациялық дағдарыс тұрғысынан зерттеу пайдалы.

БАҚ үшін кез келген дағдарыс ақпарат беру мүмкіндігі болып табылады, өйткені дағдарысты көпшілікке жариялау журналистердің кәсіби міндеті болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары дәстүрлі түрде билік пен халық арасындағы көпір болып саналады, бірақ екі жақтың дағдарыстық жағдайларға көзқарасы әртүрлі. Мәселені неғұрлым жақсы жарыққа шығарып, мәселенің мәнін ашып көрсетсе, соғұрлым сенім артады, сәйкесінше журналистикалық ұйымның қоғам алдындағы беделі де артады. Жаңа жаһандық сынақ болып табылатын COVID-19 пандемиясы, мемлекеттердің ақпараттық-коммуникациялық тұрғыдан қаншалықты бөлшектенгендігін және журналистер өздерін осы бытыраңқылық эпицентрінде қалай тапқанын көрсетті.

Қазақстанда ақпараттық вакуумның шекаралары пандемияның алғашқы күндерінен бастап кеңейе бастады. Қоғамның әртүрлі топтарын маңызды ақпаратпен қамтамасыз ету үшін БАҚ өкілдеріне көп күш жұмсауға тура келді, өйткені адамдар жағдайдың ауқымын мүлде түсінбеді. Бұл ақпараттық аштық кезеңі болды, өйткені мемлекеттік шенеуніктер вирус туралы және үкіметтің, денсаулық сақтау саласының мамандары мен фармацевтика индустриясының реакциясы туралы білетіндерін ашық айтудан әдейі бас тартты. Үкімет екі орталық құрды – әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, жалған жаңалықтар мен жалған ақпаратпен күресу үшін БАҚ жұмысын үйлестіру және орталықтандыру орталығы және COVID-19 пациенттерін бақылау және тіркеу үшін COVID-19 бақылау және есепке алу орталығы. Сондай-ақ, билік сенімді және тексерілген ақпараттың ресми көзі ретінде coronavirus2020.kz веб-сайтын құрды.

Қазақстанда COVID-19 коронавирустық инфекциясының алғашқы ресми жағдайлары 2020 жылы 13 наурызда тіркелді (4 жағдай). 2020 жылғы 9 қыркүйектегі жағдай бойынша тіркелгендер саны 106 498, қайтыс болғандар саны – 1634 (Coronavirus2020.kz, 2020). Бұл сандар әлі өсуде. Бастапқы кезеңде қазақстан-

дықтар қауіпті жете бағаламады (Bisam.kz, 2020). Сонымен қатар, коронавирус туралы сенімді ақпараттың жеткіліксіздігі және медициналық сарапшылардың қауіп-қатерді кәсіби бағалауының жоқтығы, қауіпті асыра сілтеу туралы жалған сенім тудырды.

Бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыратын инвесторлар мен мемлекеттік органдардың редакциялық саясатқа ықпал ететінін ескерсек, журналистер үшін COVID-19 пандемиясын және одан кейінгі карантиндік шектеулер тақырыбын камту қиынға соқты (Internews, 2019). Сондықтан теледидар экрандарында тек құрғақ статистика айтылды, ал билікке деген сын кейде интернеттегі газет мақалалары мен материалдарында кездесетін.

Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарына қысқаша шолу

Қазақстан Республикасында 2020 жылдың 10 қаңтарында 3669 БАҚ есепке қойылған, оның ішінде 2964 мерзімді баспа басылымы, 161 – телеарна, 73 – радио, 471 – ақпарат агенттігі мен желілік басылымдар. Ең көп есепте тұрғаны ол мерзімді баспа басылымы – тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы саны – 2964, оның ішінде газеттер – 1859 және журналдар – 1105. БАҚ-та көбінесе қазақ және орыс тілдері қолданылады – 1348 БАҚ, тек орыс тілінде – 882, тек қазақ тілі – 578, үш тіл және одан да көп – 861 (Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, 2020).

Таралымы бойынша алғашқы төрттікке кіретін газеттер: Караван және Караван-Класс (жартылай жеке, орыс тілінде, апта сайын), жалпы таралым 500000 дана; Yegemen Qazaqstan (мемлекеттік, қазақша), аптасына бес рет, 201750 дана; Казахстанская правда (мемлекеттік, орыс тілінде), аптасына бес рет, 100000 дана; Экспресс-К (жартылай жеке, орыс тілінде), аптасына бес рет, 100000 дана. Ең жиі қолданылатын алғашқы төрт телеарнаға 1-канал Евразия, НТК, КТК және 31-канал кірді. Ең көп қолданылған ақпарат агенттіктер – Kazakhstan Today, ҚазАқпарат, Vnews, Business Resource және Интерфакс-Қазақстан (International Research & Exchanges Board, 2019:236).

Билік өкілдерінің айтуынша, Қазақстандағы БАҚ-тың 90%-ы жеке меншік болып табылады және заңға сәйкес мемлекеттің олардың қызметіне және редакция саясатына араласуға құқығы жоқ (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы, 2019). Дегенмен, соңғы

үш жылда «Шекарасыз репортерлар» үкіметтік емес ұйымы жариялаған халықаралық баспасөз бостандығы рейтингінде Қазақстан тек бір позицияға көтерілді. 180 елдің ішінде Қазақстан 2018 және 2019 жылдардағы 158-орыннан 2020 жылы 157-орынға көтерілді (Reporters without Borders, 2020). Алайда, билік бұл рейтинг елдің баспасөз бостандығы деңгейінің шын бейнесін көрсете алмайды деп есептеп осы рейтингпен келіспеген (Liter.kz, 2020).

Қолданылған ғылыми методологиялар. Зерттеу сұрағы және әдістері

Осы тұрғыда зерттеу авторлары COVID-19 пандемиясының алғашқы алты айында отандық БАҚ қазақстандық қоғамды қалай хабардар еткенін анықтауға тырысты. 2020 жылдың наурызынан тамызына дейінгі алты айлық зерттеу кезеңінде газеттердің, телекомпаниялардың, ақпараттық агенттіктердің, онлайн-медиа басшылары мемлекет пен қоғам, журналистер мен аудитория арасында сенімділік атмосферасын құру жауапкершілігіне тап болды. Бұл уақытта әлеуметтік желілер, блогерлер мен азаматтық белсенділер эмоционалды күн тәртібімен халық назарын өздеріне аударды.

Авторлар карантиндік шектеулер жағдайында мәселені зерттеудің тиімді әдісі ретінде сауалнама мен терең сұхбатты таңдады. Біріншіден, олар республиканың барлық аймақтарындағы журналистер мен БАҚ жетекшілерінің редакциялық және жеке электронды мекен-жайларына 200-ге жуық сауалнама жіберіп, 75 жауап алды. Сауалнама (қазақ және орыс тілдерінде) 19 сұрақтан тұрды. Жеті сұрақ ашық, жауаптары толық жазылған; он екі сұрақ жабық сұрақ түрінде қойылды.

Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар кейіннен дәстүрлі және онлайн-медиа басшыларымен қазақстандық қоғамды ақпараттандыру және ақпарат көздерін таңдау саласындағы журналистер жұмысындағы негізгі басымдықтар туралы телефон арқылы терең сұхбат жүргізді.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Сауалнама сұрақтары төрт тақырыптық бөліктерге бөлінді:

- 1-бөлім: Респондент туралы жалпы ақпарат;
- 2-бөлім: Респондент редакциясының, телеарнасының, онлайн медиасының жаңалықтарының басымдықтары;
- 3-бөлім: Есеп беру әдістері;
- 4-бөлім: Редакцияның, телеарнаның, ақпарат-

тық агенттіктің, онлайн медианың жаңалықтар саясатына әсері. Сауалнамаға қатысқан 75 респонденттің 41,33% қазақ тілінде, 58,66% орыс тілінде жауап

берді. Респонденттердің басым бөлігі газеттерде жұмыс істейтін журналистер болды (1-кесте).

1-кесте – Респонденттердің ақпараттық ұйымдары

№	БАҚ түрі	Респонденттер %
1	Газеттер	44%
2	Ақпараттық агенттіктер	12%
3	Телеарналар	17.33%
4	Онлайн медиа	25.33%
	Респонденттердің жалпы саны	N=75

Респонденттердің көпшілігі (68%) жеке БАҚ-та, ал 29,33% мемлекеттік БАҚ-та қызмет ететіні туралы мәлімдеген. Бестен бір бөлігінің (21,33%) өз ақпараттық мекемесінде 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар, үштен бірінің (32%) – төрт пен тоғыз жыл арасында, ал қалған (42,66%) – жұмыс өтілі 3 жылға дейінгі тәжірибесі аздау журналистер. Респонденттердің арасында бас редакторлар, штаттық редакторлар, корреспонденттер және продюсерлер болды, соның ішінде редакция алқаларының мүшелері мен жекелеген журналистер де бар.

Өз редакциясының жаңалықтар басымдықтары туралы сауалға екі тіл тобы мен БАҚ-тың барлық типтерінің респонденттері ұқсас

жауаптар берген. Олар жұртшылыққа денсаулық туралы ақпарат беру, сонымен қатар үкіметтік позициялар мен мәлімдемелерді ұсынудың жоғары басымдыққа ие болғанын атап өтті. Алайда орыстілді медиа өкілдері халықаралық ақпарат көздеріне жиірек сүйенсе, қазақтілді журналистер жергілікті билік өкілдерінің ақпараттарына көбірек сенім білдіргенін айтады. Орыс тілді редакторлар қазақ тілді редакторларға қарағанда пандемияның азаматтардың экономикалық жағдайына кері әсеріне жиірек көңіл бөлген. 2-кесте (орыс тілді редакциялар) және 3-кесте (қазақ тілді редакциялар) респонденттердің ақпарат көздерін таңдаудағы айырмашылықтарын көрсетеді.

2-кесте – Редакция басымдықтары (орыс тілді редакциялар)

№		Жоғары басымдық	Бірқатар басымдық	Басым емес
1	Пандемияның халыққа экономикалық әсері	24	16	1
2	Пандемияның ұлтқа экономикалық әсері	12	18	7
3	Жұртшылыққа денсаулық туралы ақпарат беру	29	9	3
4	Үкіметтік позициялар мен мәлімдемелерді ұсыну	26	12	2
5	Пандемия туралы дезинформация және жалған ақпараттармен күрес	22	8	7
6	Жарнамалар мен өтінімдерден түсетін табысты ұстап тұру	11	15	11
7	Пандемияның қоғамға адами әсері	20	11	4
8	COVID-19-ды емдеу және/немесе екпе (вакцина) саласындағы зерттемелер	19	12	7
9	Журналистеріңіздің денсаулығын қорғау	18	12	6
10	Көршілес елдер (Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан) пандемиямен қалай күресуде	10	12	15
11	Пандемияның Қазақстанның халықаралық қатынастарына әсері	7	21	8

26-кесте – Қолданылған ақпарат көздері (орыс тілді редакциялар)

№	Ақпарат көздерінің типтері	Иә (жауаптар саны)	Жоқ (жауаптар саны)
1	Президент канцеляриясы	24	17
2	Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі	35	7
3	Республика парламентінің мүшелері	19	20
4	Аймақтық және жергілікті денсаулық сақтау шенеуніктері	37	6
5	Аймақтық және жергілікті саяси шенеуніктер (әкім т.б.)	34	5
6	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы	31	8
7	Қазақстандағы медицина зерттеушілері	27	11
8	Қазақстандағы медицина қызметкерлері (дәрігерлер, ауруханалар, мейірбикелер т.б.)	35	7
9	Басқа мамандар (экономистер, саясаттанушылар т.б.)	27	12
10	Халықаралық ақпараттық ұйымдар (Ресей, Европа, АҚШ т.б.)	25	13
11	Қазақстандық ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар)	27	13
12	Халықаралық ҰЕҰ	12	24
13	Қарапайым азаматтар	28	13
14	Ақпарат көздерінің өзге типтері	23	13

3-кесте – Редакция басымдықтары (қазақ тілді редакциялар)

№		Жоғары басымдық	Бірқатар басымдық	Басым емес
1	Пандемияның халыққа экономикалық әсері	12	14	3
2	Пандемияның ұлтқа экономикалық әсері	8	11	9
3	Жұртшылыққа денсаулық туралы ақпарат беру	24	6	1
4	Үкіметтік позициялар мен мәлімдемелерді ұсыну	16	11	2
5	Пандемия туралы дезинформация және жалған ақпараттармен күрес	12	15	2
6	Жарнамалар мен өтімдерден түсетін табысты ұстап тұру	4	12	12
7	Пандемияның қоғамға адами әсері	15	14	1
8	COVID-19-ды емдеу және/немесе екпе (вакцина) саласындағы зерттемелер	11	12	6
9	Журналистеріңіздің денсаулығын қорғау	14	8	7
10	Көршілес елдер (Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан) пандемиямен қалай күресуде	10	12	6
11	Пандемияның Қазақстанның халықаралық қатынастарына әсері	13	10	6

36-кесте – Қолданылған ақпарат көздері (қазақ тілді редакциялар)

№	Ақпарат көздерінің типтері	Иә (жауаптар саны)	Жоқ (жауаптар саны)
1	Президент канцеляриясы	12	16
2	Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі	27	1
3	Республика парламентінің мүшелері	13	14
4	Аймақтық және жергілікті денсаулық сақтау шенеуніктері	26	2
5	Аймақтық және жергілікті саяси шенеуніктер (әкім т.б.)	23	5

6	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы	23	6
7	Қазақстандағы медицина зерттеушілері	21	8
8	Қазақстандағы медицина қызметкерлері (дәрігерлер, ауруханалар, мейірбикелер т.б.)	26	3
9	Басқа мамандар (экономистер, саясаттанушылар т.б.)	20	8
10	Халықаралық ақпараттық ұйымдар (Ресей, Европа, АҚШ т.б.)	14	13
11	Қазақстандық ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар)	12	15
12	Халықаралық ҰЕҰ	7	19
13	Қарапайым азаматтар	20	8
14	Ақпарат көздерінің өзге типтері	23	4

Аталмыш екі кесте журналистік ортаның өзінде ақпарат алу көздерін таңдау бойынша бөлінудің бар екенін көрсетеді. Бұл, әсіресе, жаңалықтар күн тәртібінің орыс тілді сегментіне қолы жетпеген аудитория үшін өте маңызды. Кей кездері коронавирус проблемасының жасандылығы туралы және ойдан шығарылыпты-мыс деген түрлі қауесет те кіріп кетіп, инфекцияның таралу қаупіне деген жеңіл-желпі көзқарасты тудырып отырды. Осылайша, қазақ тілді халық орыс тілді халыққа қарағанда той-томалақтарды, туған күн, мерей тойларды жиірек тойлауды жалғастыра берді. Нәтижесінде, көптеген адамдар уақытылы ақпарат берілмегендіктен немесе ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсінбегендіктен көз жұмды.

Өзін-өзі цензураулау Қазақстандағы тәуелсіз, этикалық журналистика үшін елеулі кедергі болып табылады (Курамбаев және Фридман, 2019). Бұл термин мемлекеттік органдар мен жарнама берушілердің ашуына тимеу үшін жекелеген жаңалықтар тақырыптарын қозғамайтын немесе белгілі бір материалдарды жарияламайтын немесе таратпайтын жекелеген журналистер мен ақпараттық ұйымдардың тәжірибесіне жатады (Junisbai 2011). Екі тіл тобынан да респонденттерінің 60%-дан сәл жоғарысы өзін-өзі цензураулауды көрмегенін мәлімдесе, 40%-ға жуығы көрдік деп жауап берген (4 және 5-кесте).

4-кесте – Орыс тілді БАҚ-та өзін-өзі цензураулау болды ма?

	Иә	Жоқ
Сіз жеке журналистердің және/немесе ақпараттық ұйымның пандемия туралы ақпарат тарату кезінде өзін-өзі цензураулауын көрдіңіз бе?	38.6%	61.4%

5-кесте – Қазақ тілді БАҚ-та өзін-өзі цензураулау болды ма?

	Иә	Жоқ
Сіз жеке журналистердің және/немесе ақпараттық ұйымның пандемия туралы ақпарат тарату кезінде өзін-өзі цензураулауын көрдіңіз бе?	37.9%	62.1%

БАҚ өкілдерінің ойынша, жалпы алғанда, қоғамды жақсырақ ақпараттандыру үшін қазақстандық БАҚ жаңалықтарда пандемия туралы ақпарат таратуда көбірек ұсынуы тиіс: оның экономикалық әсері туралы, білім беру мен мектептерге әсері және медициналық көмектің сапасы туралы. Авторлардың пайымдауынша, бұл себептер – көптеген адамдардың пандемияның кесірінен табыстарынан айырылғанының және кейбір аймақтар мен отбасылардың

қашықтықтан оқыту форматына дайын болмағанының бір бөлігін көрсетеді. Мәселен, алыс ауылдарда ғаламтор (интернет) болған жоқ немесе интернет сигналы шамалы болды, бұл өз кезегінде, онлайн-сабақтар өткізуді қиынға соқтыратын; сонымен қатар балалардың барлығында бірдей компьютер бола қойған жоқ. Дәрі-дәрмектің тапшылығы сынды қиындықтар болғанын ескеретін болсақ, медициналық көмектің сапасы – бөлек мәселе болды.

Зерттеу кезеңінде қазақстандық БАҚ-тарға пандемия туралы «фейк жаңалықтар», көбінесе, Facebook және басқа да әлеуметтік желілер арқылы келіп отырған. Мәселен, елдің ең ірі қаласы Алматының үстімен тікұшақ ұшып, коронавирус таратты деген өсек-аяң шыққан болатын. Сол себептен де кейбір БАҚ өкілдері мұндай қауесеттерге сенбеу керектігін жазған еді. Тіпті дәрігерлерден де әлеуметтік желілер арқылы

үрей үдеткен фейк хабарламалар болды. Екінші жағынан, кейбір дәрігерлер пресстаны қолдады және белсенді түрде блог жүргізіп, қалалық және ұлттық деңгейдегі денсаулық сақтау басқармасының әлеуетті құрылымдарын ашық сынға алды. Алайда олардың дауысы билік өкілдеріне әрдайым жетпеді.

6 және 7-кестелерде көрсетілгендей, екі тілдегі фейк жаңалықтар туралы жауаптар өте ұқсас болды.

6-кесте – «Фейк жаңалықтар» туралы орыс тілді БАҚ жауаптары

	Иә	Жоқ
Сіздің редакцияңыз, телеарнаңыз, жаңалықтар агенттігіңіз, онлайн медиа пандемия туралы қандай да бір жалған немесе «фейк жаңалық» алды ма?	30.2%	69.8%
Егер «ИӘ» болса, онда бұл ақпарат алынды:		
	Иә (жауаптар саны)	Жоқ (жауаптар саны)
Twitter	2	15
LiveJournal	2	14
Facebook	9	9
TikTok	2	14
Әлеуметтік желілердің өзге сайттары	10	8
Телефон қоңыраулары	5	11
Пресс-релиздер	3	14
Пресс-конференциялар	5	12
Электронды пошта хаттары	4	14
Өзге	4	11

7-кесте – «Фейк жаңалықтар» туралы қазақ тілді БАҚ жауаптары

	Иә	Жоқ
Сіздің редакцияңыз, телеарнаңыз, жаңалықтар агенттігіңіз, онлайн медиа пандемия туралы қандай да бір жалған немесе «фейк жаңалық» алды ма?	33.3%	66.7%
Егер «ИӘ» болса, онда бұл ақпарат алынды:		
	Иә (жауаптар саны)	Жоқ (жауаптар саны)
Twitter	2	10
LiveJournal	1	11
Facebook	9	6
TikTok	3	9
Әлеуметтік желілердің өзге сайттары	8	7
Телефон қоңыраулары	6	7
Пресс-релиздер	3	10
Пресс-конференциялар	3	9
Электронды пошта хаттары	2	10
Өзге	4	8

Сауалнамаға берген жауаптарында журналистер өздерінің ресми ақпарат алу мүмкіндіктеріне бірқатар қиындықтар кедергі келтіргенін атап өткен. Мысалы: баспасөз конференциялары кезінде ресми тұлғалар алдын ала келіп түскен сұрақтарға жауап беріп, пресс-конференция кезінде қойылған шұғыл сұрақтарды жауапсыз қалдыруы, ал кей кездері сұрақтарды елемеуі. Сол себептен де, нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар әрдайым эксклюзивті бола бермеді және редакциялар бір-бірінің репортажын қайталап отырды. Журналистер әлеуметтік желілерде наразылық білдіріп, Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы құрылған баспасөз орталықтарынан ақпарат алуға деген шектеулерді сынға алып, азаматтық және кәсіби жауапкершіліктерін көрсетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, сонымен қатар, елде медициналық тақырыптарда мамандандырылған журналистердің болмауы кедергі жасады, сондықтан журналистерге қазақстандық, ресейлік, жапондық және еуропалық дәрігерлер ұсынған емдеу хаттамаларының ерекшеліктерін түсіну және нақты түсіндіру қиын болды. Дәл сол сияқты, қолданылатын дәрілерге қатысты, соның ішінде, олардың қайсысы тиімді, қайсысы зиянды түсініксіздік туындады.

Көптеген азаматтар интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жаңалықтарға ұмтылды және кәсіби журналистер мен ақпараттық салада өз статустарын қорғауға тырысқан блогерлер арасында катал бәсекелестік орнады. Нәтижесінде, кәсіби журналистер кейде өз мақалаларында интернеттен алынған нақты емес ақпараттарды қолданды?

Терең сұхбат нәтижелері

Жағдайды сапалы бейнелеу, авторларға мәселелерді талдауға көмектесу және пандемияға қатысты қамтудың жаңа аспектілерін анықтау үшін бес бас редактормен терең сұхбат жүргізілді. 8-кестеде сарапшылар туралы жалпы ақпарат берілген. Олар басылымдардың танымалдығы мен таралымына қарай таңдалды. Әңгіме сапалы зерттеу туралы болып отырғандықтан, зерттеу авторлары бес сарапшының саны терең сұхбат үшін жеткілікті деп санайды және де барлық сарапшылар бірдей қызығушылыққа ие болып отыр. Екі респондент мемлекеттік басылымды немесе аймақтық атқарушы орган қаржыландыратын басылым өкілдері; ал қалғандары дәстүрлі түрде де, интернетте де шығарылатын, тиражы үлкен және аудиторияны айтарлықтай кең қамтитын жеке бұқаралық ақпарат құралдарының (газет, журнал және интернет-БАҚ) сарапшылары.

8-кесте – Сарапшылар туралы жалпы ақпарат

Саны	Лауазымы	Басылым	Меншік түрі	Жалпы таралым (дана)
Сарапшы 1	Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор	Жалпыұлттық республикалық газет	Мемлекеттік	185 мыңнан астам
Сарапшы 2	Бас редактор	Қоғамдық және саяси газет	Жеке меншік	130 мыңнан астам
Сарапшы 3	Бас редактор	Қалалық газет	Мемлекеттік	34 мың
Сарапшы 4	Бас редактор	Балалар мен жасөспірімдерге арналған танымдық журнал	Жеке меншік	10 мың
Сарапшы 5	Директор – бас редактор	Интернет-басылым	Жеке меншік	Ақпарат жоқ

Авторлар басылым басшыларымен сұхбаттасуды жөн көрді, өйткені басқа БАҚ-қа қарағанда карантиндік шектеу шаралары басылымға қатты әсер етті. Сұхбат телефон арқылы жүргізілді және сұхбатты дұрыс транскрипциялау үшін Audacity

аудио файлдарына арналған тегін көп платформалы аудио редакторы қолданылды. Әр сарапшымен сұхбат уақыты 25-тен 40 минутқа дейін болды.

Барлық респонденттер пандемия редакциялар үшін басты тақырыпқа айналды деген

пікірге келді. Сонымен бірге бас редакторлардың бірі: «Газет дәстүрлі түрде қозғайтын сыбайлас жемқорлықпен күрес, құқық қорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктер сияқты тақырыптар өзгеріссіз қалды», – деп баса айтты. Тағы бір сарапшы: «Журналистер барлығына комментарий іздеді. Бұл медициналық қызметкерлердің жұмысына, олардың кәсіби дайындығына, пандемия кезіндегі қауіпті жұмыстарына қолдау мен өтемақыға, олардың жұмысының сапасына және науқастарға қызмет көрсету сапасына, науқастардың жағдайына, емделуіне және проблемаларына, оларды медициналық құралдармен және дәрі-дәрімектермен қамтамасыз етуіне де қатысты болды», – деді.

Сұхбаттасушылар пандемия басталғаннан бастап толыққанды талдау жасалған, сапалы мақалалар ерекше маңызға ие болып, авторлар оқырманға проблемалардың себептері мен салдары туралы егжей-тегжейлі баяндауға ұмтылатынын айтты. «Адамдар газетке жарияланған ақпаратқа сенетіндіктен, пандемия басталғалы бұл мәселе өзектілігін арттыра түсті. Қате мәлімдемелер мен күмәнді кеңестердің салдарын болжау қиын. Сондықтан біздің басты ұстанымымыз – білікті мамандардың, дәрігерлер мен ғалымдардың пікірлеріне ғана сүйене отырып, газетте оқырманды жаңылыстыратын фактілер мен күмәнді пікірлерден аулақ болу», – деп түсіндірді сарапшының бірі.

Мемлекеттік БАҚ өкілдері шенеуніктерден пандемия туралы ақпаратты қалай таратуға болатындығы туралы тікелей бұйрықтар алған жоқ деп сендірді. Жекеменшік балалар журналының бас редакторы да: «Біз үкіметтен ешқандай бұйрық алған жоқпыз. Біздің журнал 32 беттен тұрады. Біз пандемия тақырыбында бірден екі парақты бөлдік. Редакцияға жіберілген балалардың әңгімелері мен өлеңдері коронавирус мәселесіне арналған беттерде сұрыпталып, жарияланды», – деді.

Ақпарат алу

Барлық респонденттер пайдалы, шынайы және сенімді ақпарат алуда проблемалары бар екенін мойындады. Сонымен қатар, халық арасында кең таралған пессимизм кезінде билік пандемия туралы жаңалықтарды аз жариялап, жұмсақ әрі жағымды мазмұнды контент таратуға кеңес берді. «Біз желтоқсан айында басталған эпидемия туралы наурызға дейін білмедік, ал денсаулық сақтау министрлігі оған қалай әрекет ету керектігін түсінбеді. Сондықтан біз ақпаратты жариялаудан бас тарттық, өйткені оған қол жеткізе алмадық», – деді сұхбаттасушылардың бірі.

«Жағдай туралы мүмкіндігінше көбірек ақпарат беруі тиіс болған ресми медициналық құрылымдар, өкінішке орай, алғашқы кезде адамдарға барлық жағдайды түсіндіру үшін, инфекцияның өзі туралы да, хаттамалармен жұмыс, жалпы медициналық құрылымдардың жұмысы туралы да түсіндірме жұмыстарын жеткіліксіз атқарды. Сондықтан, барлық сын соларға айтылып, олар халық сенімін тез жоғалтып алды», – дейді тағы бір сарапшы.

Бас редакторлардың бірі үкіметтің байланыс механизмінің әлсіздігін сынға алды: «Заң бойынша таратылып жатқан ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін ресми түсініктеме туралы өтініш хат жазылуы керек. Алдымен хат канцелярияға, содан кейін министрге түседі. Жауап кем дегенде үш күнде алынады. Бұл заңмен бекітілген – жауап 3-7 күн ішінде беріледі. Енді ойланыңыз: сыртта пандемия, айнала толған қорқынышты қауесет. Ресми жауапты кім күтіп отырады? Қазір бәрінде смартфон бар, көргенін түсіріп салады. Мұндай ақпаратты біреу тексеріп жата ма? Жамандағаным емес, бірақ мемлекеттік механизм мұндайға дайын емес еді».

Фейктер мен әлеуметтік желілер

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігінің пікірінше, әлеуметтік желілер жалған ақпарат таратуда, бұл үрей туғызатын шындық.

«Егер пайызбен салыстырсақ, осы уақыт ішінде әлеуметтік желілердегі ақпараттың тек 5% ғана пайдалы ақпарат болған. Яғни, әрекет етуге болатын жедел ақпарат көлемі. Қалғанының бәрі фейк, жалған. Біз ешқашан әлеуметтік желілерге сілтеме жасамаймыз және ақпарат алмаймыз. Жалпы, сол кезде әлеуметтік желі өзінің ерекше деструктивті рөлін көрсетті», – деді бас редакторлардың бірі. Тағы бір өткір тұжырымдалған жауап: «Менің ойымша ең қауіпті фейк, коронавирустық инфекция мүлдем жоқ, мұның бәрі өтірік деген қауесет. Біз осындай фактілерге тап болдық, әрине, біз барлығын тиісті мамандар мен спикерлердің көмегімен түсіндіруге тырыстық».

Сұхбаттасушылардың бірі басты проблема дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде фейктердің таралуына қарсы ештеңе істей алмауында екенін атап өтті. Мұндай қабілетсіздіктің себебі дәстүрлі БАҚ ерекшеліктері мен әлеуметтік желілердің сипатында жатыр. Мысалы, біріншісінің аудиторияны қамтуы екіншісіне қарағанда аз. Бас редакторлардың

бірі түсіндіргендей: «Газеттер оқырмандарына физикалық тұрғыдан кешігіп келеді, ал ақпараттық сайттарға күнделікті кірушілер саны онша көп емес. Халық әлеуметтік желілердегі бейнелер мен мәтіндік басылымдарда отыр».

Редакциялардың экономикалық жағдайы

Пандемияға байланысты шектеу шараларының редакциялардың экономикалық жағдайына әсері туралы сұраққа бес сұхбаттасушының екеуі бұл әсер өте жағымсыз болды деп жауап берді. Тағы екі спикер кері әсері орташа болды деп бағалады. Қатысушылардың біреуі шектеу шаралары редакцияның қаржылық-экономикалық жағдайына әсер етпегенін мәлімдеді. Жауаптардың әр түрлі болу себебі, бас редакторлардың жұмыс орнына байланысты. Теріс ықпалы жоғары деген бағаны бюджеті жарнама мен демеушілерге тәуелді жеке газет-журналдардың қызметкерлері берген. Орташа теріс деп бағалағандар мемлекеттік басылымдардың немесе жергілікті атқарушы билік қаржыландыратын басылымдардың басшылары. Теріс әсер болған жоқ деген қатысушы – екі жеке интернет-басылымның басшысы. Ол мұны қызметкер санының аздығымен және редакциялық бюджеттің резервімен байланысты деп түсіндірді.

Барлық сұхбаттасушылар өздерінің редакциялары қызметкерлерді жұмыстан шығармағанын айтты. Біреуінің айтуынша барлық қызметкерлер қашықтықтан жұмыс істеп, тұрақты жалақыларын алып отырды, ал кейбіреулеріне қосымша ақы төленді, мысалы, пандемияның алғашқы аптасында бақылау бекеттеріне барғаны үшін. Сондай-ақ ол: «Пандемия жарнамаға әсер еткен жоқ, өйткені жарнама нарығы ешқандай кеткен жоқ. Егер басылым жақсы болса, онда жарнама да болады», – деді. Тағы бір редактор: «Бізде қыркүйек айына дейін жалақы төлеуге арналған ақша болды, біз төлеуге тырыстық. Ешқандай қысқарту болған жоқ. Бастапқыда қызметкерлермен ақылдасып, егер біз пандемиядан зардап шегіп, жалақыны төлей алмасақ, қыркүйектен кейін еңбекақысыз демалысқа шығасындар дедім. Қызметкерлер бұл шартпен келісті».

Респонденттердің жалпы пікірі бойынша пандемия мен карантиндік шектеулер газет-журналдардың тиражы мен таралуына кері әсерін тигізген. Олардың бірі: «Вирустың газет қағазында қалмайтыны туралы зерттеулер белгілі болғанына қарамастан, мемлекеттік комиссия, баспа құрал-

дары вирустың тасымалдаушысы болып табылады деген мүлдем қате шешім қабылдады», – деді. Бұл шешімнің қаржылық емес салдары: «Ауру қаупі жоғары егде жастағы адамдар газет алмады. Біз азық-түлік пакеттерін жеткізетін еріктілер арқылы ақысыз газет жіберіп отырдық. Әрине, таралым жаппай азайды».

Газет-журнал дүңгіршектерінің жабылуы да зардап шектірді. «Бөлшек сауда, яғни тірі тираж, біз үшін газетті сатып алған оқырмандар арасындағы біздің өзектілігіміздің белгісі еді», – деді бас редакторлардың бірі. – Яғни, олар үшін бізді Интернеттегі электронды нұсқада оқу жеткіліксіз еді. Осылайша біз аптасына 25 мыңға жуық газет жоғалттық». Сонымен қатар, баспаханалардың жабылуы және тасымалдаудың кешеуілдеуі басылымдарға қатты әсер етті. Респонденттердің бірі: «Кейбір жерлерде көлік қозғалысы тоқтатылған, жету өте қиын болды. Тіпті жақын жерлерге пошта арқылы жеткізу қиын болды. Оқырмандар бізге қоңырау шалып: «Неліктен журналдарыңыз шықпайды? – деп сұрайтын болды».

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау

Сұхбаттарды талдау көрсеткендей, барлық БАҚ басшылары пандемия кезінде журналистердің денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау үшін денсаулық сақтау министрлігі арқылы үкімет ұсынған шаралар мен нұсқаулықтарды қабылдады. Бұл бағыттағы басты және әмбебап қадам, қызметкерлердің қашықтан жұмыс істеуге көшуі болды. Менеджерлердің айтуынша, редакцияда ең керекті қызметкерлер ғана қалды. Бас редакторлардың бірі: «Біз кеңсеге кіре берісте қатаң режим енгіздік, барлық қажетті дезинфекциялаушы заттар қойылды. Бізде 100-ге жуық шығармашылық және техникалық қызметкерлер жұмыс істейді. Осы уақыт аралығында қашықтан жұмыс істейтін үш адам ғана жеңіл ауырған», – деді. Алайда, бас редактор басқа жаңалықтар ұйымдарында «құмырсқаның илеуіндей» ашық кеңседе барлығымен бірге отырып жұмыс істейтін қызметкерлердің 45%-ы ауырғандығын айтты.

Өзін-өзі оқшаулау басталған кезде журналистер «аптасына жеті күн қарқынды жұмыс істеді» деп түсіндірді бір редактор. Күніне сегіз сағаттан артық жұмыс істегендіктен жаңалықтар ұйымы қызметкерлерге жоғары мөлшерлеме төледі. «Бірақ олардың кейбіреулері кеңседе болуы керек еді, – деп түсіндірді редактор, – Бұл баспа басылымы болғандықтан клас-

сикалық дәстүрлі күш-жігерді қажет ететін әдістер қолданамыз». Редакция барлық адамдарды маскалармен, тазартқыштар және басқа санитарлық-гигиеналық хаттамалармен қамтамасыз етті. Денсаулық сақтау саласындағы басқа да шараларына қызметкерлермен және материалдар мен Zoom арқылы жиналыс өткізу, фотосуреттерді редакторларға электрондық пошта арқылы жіберу кірді. Алайда, сұхбаттасушылардың бірі: «Сыртқа шығуға тура келетін кездер болды. Мысалы, 6-7 мектеп оқушысымен мұқабаға суретке түсіріп қайту керек болды. Кездесуде біз бәріміз маска киіп, бірге суретке түскенде масканы бірнеше секундқа төмен түсірдік».

Күрделі материалдық, техникалық, қаржылық және саяси жағдайларда өздерінің күнделікті кәсіби жұмыстарымен қатар, кейбір журналистер көмекке мұқтаж азаматтарға қаржылай қолдау көрсету және азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ наука журналистерге сирек дәрі-дәрмек немесе медициналық құрал-жабдықтар сатып алуға көмектесу үшін ерікті ретінде көмек көрсету акцияларына қатысты.

Алынған сабақтар

Кейбір респонденттер, егер олар тамыз айының соңында білгендерін наурыз айында білген болса, пандемия туралы ақпарат беру тәсілін өзгертер едік деп мойындады. Қатысушылардың бірі түсіндіргендей: «Менің ойымша, ақпараттық пайдалы жаңалықтарға ауысуға болар еді. Мен саяси ақпаратты алып тастар едім. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, халыққа пайдалы бейнематериалдар түсіруге болар еді. Өйткені, бұл пандемия мәселесі ғана емес, ең алдымен гигиена проблемасы... Басқаша айтқанда, мен саяси ақпараттың орнына бейнесюжет болсын, мәтін болсын, көпшілікке пайдалы ақпарат ұсынатын едім».

Тағы бір сұхбаттасушы үкімет ең алдымен үкімет пен халық арасындағы көпір қызметін атқаратын журналистерге пандемия туралы толық және сенімді ақпарат беруі керек болғанын айтты. «Бұл қоғамның инфекцияға қарсы күресу қабілетін арттырар еді. Мысалы, ол кезде ешкім қалай емделу керек екенін білмегендіктен адамдар халық емі мен баламалы дәрі-дәрмектерді іздеуге асықты». Бас редактор халық арасында алты апталық карантин мен бағаның көтерілуі туралы қауесеттерден кейін саудагерлер жағдайды пайдаланып, зімбір,

лимон және басқа өнімдердің бағаларын көтеріп жібергенін айтты. «Сол кезде БАҚ тұрғындармен байланысты күшейтіп, ауруға қарсы тұрудың жолдарын түсіндіруі керек еді».

Алайда, кейбір респонденттер мәселені жариялауда өздерінің көзқарастарын қорғады. Олардың біреуі былай деп тұжырымдады: «Менің ойымша, біз мәселені қалыпты және жеткілікті түрде қамтыдық. Барлығы да дұрыс болды, сын да болды, дәрілер туралы біз бұрын да жазатынбыз... Мен әріптестерімнің жұмысының мазмұны немесе сапасында ешқандай өзгеріс байқаған жоқпын». Тағы біреуі былай деді: «Бұл салада ештеңе өзгерген жоқ ... Менде не істелді, нені өзгеруге болар еді деп айтатын сын жоқ. Кәсіби проблемалар бұрын да болған, қазір де бар және күнде шығып жатады, күн сайын әрекет етіп, әмбе бұны кәсіби түрде жасауға тырысуымыз керек».

Қорытынды және тұжырамда

Зерттеудің нәтижелері коронавирус пандемиясы қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін басым тақырып екенін көрсетеді. Бұл әлі ұзақ уақыт осы қалпында қалады. Алғаш хабарлаудан алынған сабақ алда болуы мүмкін дағдарыстар туралы ақпарат жеткізу журналистердің кәсібилігі мен жауапкершілігін арттырады. Сондай-ақ бұл сабақтар үкіметке қазіргі және болашақтағы дағдарыстар кезінде баспасөз өкілдері мен халыққа ақпаратты ашық және жария түрде жақсылап ашуға бағыт бере алады.

Журналистердің айтуынша, отандық БАҚ пандемия туралы келіп түскен ақпаратты мүмкіндігінше жан-жақтан қамтуға тырысты. Коронавирус туралы қауесеттер мен жалған мәліметтер аясында тексерілген ақпарат пен білікті мамандардың пікірлері негізінде жасалған сапалы талдау мен кешенді қамту ерекше маңызға ие болды. Сонымен бірге журналистер ақпарат көздерін және хабарлау сипаттарын өздері таңдады, алайда пайдалы, анық және сенімді ақпарат алу проблемасына тап болды.

Зерттеуге қатысушылар пандемия туралы жалған ақпараттың таралуына әлеуметтік желілер ықпал етті деген пікірге келді. Сарапшылар әлеуметтік желілер мен мессенджерлер өздерінің ерекше деструктивті рөлін көрсетті дейді. Дегенмен, әлеуметтік желілер журналистерді объективті ақпарат іздеуге итермелеп және оқырмандардың сапалы жаңалықтарға жүгінуіне пайдалы болуы мүмкін деп танылды.

Болашақтағы дағдарыстар туралы журналистердің хабар таратуына ықпал ететін маңызды бақылау – дәстүрлі БАҚ әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған ақпараттың таралуын тоқтата алмайды. Көптеген азаматтардың ақпарат алу үшін әлеуметтік желілерге жүгінуінің басты себептерінің бірі – дәстүрлі БАҚ-тың мемлекеттік органдардан елеулі кідірістермен келетін ресми ақпаратқа сүйенуі. Респонденттердің пікірінше, мемлекет пен журналистер арасындағы қолда-

ныстағы байланыс механизмі үкіметке кез келген дағдарыстық жағдайлар туралы ресми жаңалықтарды халыққа жедел хабарлауына мүмкіндік бермейді.

Ескерту: Мақаладағы аталмыш зерттеу жұмысының нәтижелері, сондай-ақ Джордж Вашингтон университетінің (GWU) Еуропа, Ресей және Еуразиялық зерттеулер институтының (IERES) Орталық Азия Бағдарламасында (CAP) 2020 жылы 10 желтоқсанда ұсынылды.

Әдебиеттер

- Вакурова Н.В. (2015). Журналистика в период кризиса: поведенческие модели и приоритеты в освещении (по результатам экспертного опроса). // Вестник университета, (5). – С. 289-293.
- Coombs, W. T. (2019). *Ongoing Crisis Communication: Planning, Managing, and Responding* (5th edition). Thousand Oaks, CA: SAGE.
- Fearn-Banks, K. (2017). *Crisis Communications: A Casebook Approach*. New York: Routledge.
- Fink, S. (2002). *Crisis Management: Planning for the Inevitable*. iUniverse.
- Junisbai, B. (2011). «Oligarchs and Ownership: The Role of Financial-Industrial Groups in Controlling Kazakhstan's 'Independent' Media.» In *After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia*, edited by E. Freedman and R. Shafer, 35–57. East Lansing, MI: Michigan State University Press.
- Kurambayev, B., and E. Freedman. (2019). «Ethics and Journalism in Central Asia: A Comparative Study of Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, and Uzbekistan.» *Journal of Media Ethics* 35, no. 1: 31–34.
- Lee, T., and J. Bottomley. (2010). «Commentary: Pending Crises: Crisis Journalism and SARS in Australia.» *Asia Pacific Media Educator* 20: 269–276.
- Ulmer, R. R., T. L. Sellnow, and M. W. Seeger. (2017). *Effective Crisis Communication: Moving from Crisis to Opportunity* (4th edition). SAGE.

Электронды ресурстар

- Bisam.kz. (2020). Коронавирус в Казахстане: Новые данные социологического мониторинга. <http://www.bisam.kz/ru/news/222-2020-06-24-13-19-27>
- Coronavirus2020.kz. (2020). <https://www.coronavirus2020.kz/ru>
- International Research & Exchanges Board. (2019). *Media Sustainability Index*. <https://www.irex.org/sites/default/files/pdf/media-sustainability-index-europe-eurasia-2019-full.pdf>
- Internews.kz. (2019). Исследование потребностей медиасообщества Казахстана. <https://ru.internews.kz/wp-content/uploads/2020/01/issledovanie-potrebnosteymediasoobshchestva-kazahstana.pdf>
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. (2019). <https://primeminister.kz/ru/inquiries/72>
- Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. (2020). www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/article/details/332?lang=ru
- Liter.kz. (2020). «Позиция Казахстана в рейтинге свободы прессы не отражает реальности – Абаев». <https://liter.kz/pozitsiya-kazahstana-v-rejtinge-svobody-pressy-ne-otrazhaetrealnosti-abaev/>
- Reporters without Borders (2020). *World Press Freedom Index*. <https://rsf.org/en/ranking/2020>

References

- Coombs, W. T. (2019). *Ongoing Crisis Communication: Planning, Managing, and Responding* (5th edition). Thousand Oaks, CA: SAGE.
- Fearn-Banks, K. (2017). *Crisis Communications: A Casebook Approach*. New York: Routledge.
- Fink, S. (2002). *Crisis Management: Planning for the Inevitable*. iUniverse.
- Junisbai, B. (2011). «Oligarchs and Ownership: The Role of Financial-Industrial Groups in Controlling Kazakhstan's 'Independent' Media.» In *After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia*, edited by E. Freedman and R. Shafer, 35–57. East Lansing, MI: Michigan State University Press.
- Kurambayev, B., and E. Freedman. (2019). «Ethics and Journalism in Central Asia: A Comparative Study of Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, and Uzbekistan.» *Journal of Media Ethics* 35, no. 1: 31–34.
- Lee, T., and J. Bottomley. (2010). «Commentary: Pending Crises: Crisis Journalism and SARS in Australia.» *Asia Pacific Media Educator* 20: 269–276.

Ulmer, R. R., T. L. Sellnow, and M. W. Seeger. (2017). *Effective Crisis Communication: Moving from Crisis to Opportunity* (4th edition). SAGE.

Vakurova N.V. (2015). Zhurnalistika v period krizisa: povedencheskiye modeli i priority v osveshchenii (po rezul'tatam ekspertnogo oprosa) [Journalism in a Period of Crisis: Behavioral Models and Priorities in Coverage (Based on the Results of an Expert Survey)]. *Vestnik universiteta*, (5), 289-293.

Electronic resources

Bisam.kz. (2020) Koronavirus v Kazakhstane: Novye dannye sotsiologicheskogo monitoring [Coronavirus in Kazakhstan: New data from sociological monitoring] <http://www.bisam.kz/ru/news/222-2020-06-24-13-19-27>

Coronavirus2020.kz. (2020). <https://www.coronavirus2020.kz/ru>

International Research & Exchanges Board. (2019). Media Sustainability Index. <https://www.irex.org/sites/default/files/pdf/media-sustainability-index-europeurasia-2019-full.pdf>

Internews.kz. (2019). Issledovanie potrebnosti mediasoobshchestva Kazakhstana [Study of the needs of the media community in Kazakhstan]. <https://ru.internews.kz/wp-content/uploads/2020/01/issledovanie-potrebnosteymediasoobshchestva-kazahstana.pdf>

Liter.kz. (2020). «Pozitsiia Kazakhstana v reitinge svobody pressy ne otrazhaet real'nosti – Abayev.» [Kazakhstan's position in the press freedom rating does not reflect reality – Abayev] April 24, 2020. <https://liter.kz/pozicziya-kazahstana-v-rejtinge-svobody-pressy-ne-otrazhaetrealnosti-abaev/>

Qazaqstan Respublikası Premer-Ministriniñ resmı aqparattıq resursı. (2019). [Official Information Resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan]. <https://primeminister.kz/ru/inquiries/72>

Qazaqstan Respublikasınıñ Aqparat jáne qoғamdıq damw minıstrligi. (2020) [Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/article/details/332?lang=ru>

Reporters without Borders (2020). World Press Freedom Index. <https://rsf.org/en/ranking/2020>